

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Қыпшақ хандығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.03.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/115855/

Білім беру ұйымының атауы	«№1 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ			
Мұғалімнің аты-жөні:	Досетова Анаргүл Адхамовна			
Күні:	23.11.2021			
Пәні:	Қазақстан тарихы			
Сынып:	6 «в»			
Тарау немесе бөлім атауы:	X ғасырдың ортасы – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан			
Сабақтың тақырыбы:	Қыпшақ хандығы Зерттеу сұрағы: Не себепті Еуразия даласы «Дешті Қыпшақ» деп аталды?			
Оқу мақсаты:	6.3.1.3. XI- XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіру; 6.3.2.4 Қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау;			
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру 6 минут	Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: «Көрсі» Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезіну, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көрсінді оң жақтан құшақта, Көрсінді сол жақтан құшақта, Оң жақтағы көрсінше бір жымып, Сол жақтағы көрсінше бір жымып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы. Оқушыларды 1, 2, 3 деп санау арқылы топқа бөлу.	Қимыл-қозғалыстар арқылы жаттығуды жасайды.		Презентация № 1-2 бет
Өткен білімді еске түсіру 5 минут	2. Үйге берілген тапсырманы тексеру; «Жұлдызды сәт» ойыны. Әрбір дұрыс жауапқа жұлдызша беріледі. 1. Үйің қанғаның құлаған жыл? 2. Найман мемлекетінің ордасы? 3. Монғолдар наймандарды толықтай жеңген жыл? 4. Керейіт мемлекетінің билеушісінің титулы? 5. Керейіт мемлекетінің ордасы? 6. Ляо империясы құлаған жыл?	Берілген сұрақтарға жауап береді.	«Жұлдызшалар»	
Жаңа сабақ 13 минут	Бейнесабаққа назар аударайық! Сабағымыздың тақырыбы: Қыпшақтар Бүгін сабақта: Сенің білетің: XI-XIII ғасырдың басындағы қыпшақ мемлекетінің құрылуы Сенің меңгеретің: — Қыпшақтардың қоныстанған жерлері және этникалық құрамы 1-тапсырма: «Қарап ал да, есіңе сақта» ойыны. Картамен жұмыс. А3 форматқа батыс және Шығыс Дешті Қыпшақ аумағын, оның орталығын және Дешті Қыпшақпен шекаралас мемлекеттерді орналастыру.	Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу. Сабақтың тақырыбын білу. Қыпшақтардың қоныстанған жерлерін көрсетеді.	Дескриптор: Дешті Қыпшақ даласының картасы берілген. Оң және сол қанаттары мен ордalarını көрсет. 2ұ. Көрсі мемлекеттерінің атауын жаз. 3ұ.	Bilimland.kz Презентация №3 Қиылған қағаздарды құрастыру.
Сабақтың ортасы 11 минут	2- тапсырма: Білу және түсіну 5 минут Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыпты танысады. * Мәтінді түсініп оқы. Оқушылар жаңа білімге сай оқулықты қолдана отырып, өз түсінігіндерін постерге түсіреді. * Қыпшақтар туралы деректер. * Қыпшақ мемлекетінің құрылуы. * Қоғамдық құрылымы. Қолдану 6 минут. Постер қорғау.	Әр топ өз ойларын қағазға түсіріп, қорғап шығады. Әр топтан бір оқушы шығып, тақырып сұрады.	«Екі жұлдыз, бір тілек»	Презентация №4 Постер.
Бекіту 5 минут	«Ақиқат, жалған» кестесі. Оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау. Үйге тапсырма Тақырыпты түсініп оқу және «Қыпшақ хандығы» тақырыбына сөзжұмбақ құрау.	«Ақиқат» немесе «жалған» деп жауап береді.	Дескриптор: Қыпшақтарға қатысты нақты мәліметтерді тауып, көрсетіңіз. Әр дұрыс жауап 1ұ.	Презентация № 5 бет
Кері байланыс 3 минут		Бүгінгі тапсырманы орындау барысы қаншалықты оңай немесе қиын болғаны туралы жазады.	Сабақ соңында мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 ұпай аралығында бағалайды.	A4, стикер

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.